



## МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘЛІМ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ



САМЕНОВА ЛАУРА СЕЙТАХМЕТОВНА

«Шәкәрім атындағы университет» Ке АҚ 2-курс магистранты, Абай облысы, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы

Email [samenoval@mail.ru](mailto:samenoval@mail.ru)

---

### ТҮЙІН СӨЗДЕР

Мұғалім, Оқушы, қарым-қатынас, Тәрбие, талап, Этика, Мінез-құлық.

### АНДАТПА

Мақаламызда мұғалім мен оқушы арасындағы осы қарым-қатынастарға тоқталып өтеміз. Бір жағдайда қатаң талап қоюы, екінші жағдайда тілек өтініш ретінде болып келуі, үшінші бір жағдайда сендіру мен көз жеткізу, мойындату, төртінші бір жағдайда үгіттеу, ақыл кеңес беру, бесінші бір жағдайда түсіндіру, жәрдемдесу, қамқорлық жасауы, алтыншы бір жағдайда ұялту, бетіне басу не ұрсу керек болатын жағдайлар кездессе, жетінші бір жағдай мақтау немесе жазалау жұмысына ұласады.

---

Ұсынылды 23/ 10 / 2023  
Қабылданды: 04/ 12 / 2023



## Кіріспе

**Ұ**стаз этикасы – мұғалім мен бала ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас.

Педагогикалық бірінші принцип: дұрыс амандасу. Сәлем сөздің анасы деп бекер айтылмаса керек, кім болса да ең алдымен амандасу, ол адамның көрегенділігін, білімділігін, мәдениеттілігін көрсетеді.

Шебер мұғалім үшін ең бастысы ол кіммен болса да тіл табыса алуы, үйде достарының қасында, ұжымда болсын жағымды атмосфера тудыра біледі. Ал ең бастысы алдында отырған 30 баланы айтып жатқанын сендіре білу, көңіл-күйін айтқызыбай ақ түсіну, деркезінде көмек көрсету, бұл қасиеттер мұғалім үшін аса маңызды дүние. Педагогтың көңіл күйі оның тәрбиелейтін зор күш қуаты. Кімде кім мұғалімнің көңілін бұзса, ол оқушыларымыздың тәрбиесіне зиянын тигізеді. Сондықтан өзіңіздің де, өз әріптестеріңіздің де көңіл күйіне абай болған жөн. Педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешенін-педагогикалық техника дейміз.

Педагогикалық техника:

Столдың артында тұрып сабақ түсіндіруге болмайды;

Отырып сабақ түсіндіруге мүлдем болмайды;

Қол айқастыруға мүлдем болмайды;

Әр оқушының көзіне қарап сабақ түсіндіру керек.

Педагогикалық этика деген кең ауқымды мағына. Ұстаз деген абыройлы атаққа лайықты болу үшін-мұғалім жан-жақты білімді болып қана қоймай, сондай-ақ әділ де әдепті, қарапайымда кішіпейіл, бауырмал да қайырымды, қысқасы, жоғарғы саналы азамат болуы тиіс деген сөз. Әрине, бұл әбден орынды, солай болуымыз абыройлы міндет.

Ал енді оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасындағы педагогикалық этикаға келетін болсақ, мұғалім оқушы атаулыға үлгі болатын, өмірдің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан. Мұғалімдік қызметтің өзіндік ерекшеліктерін әңгімелегенде әрбір мамандық иесінің сөйлеу шеберлігімен тіл мәдениеті туралы айтпай кетуге болмайды. Мәдениеттілік, ой –өрістің кеңдігі адамның сөз саптауынан жақсы байқалады.

Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше ақыл ой мәдениетіне жету қиын. Ұлы педагог А.С Макаренко айтады: Оқушы сіздің еркіңізде, мәдениетіңізді жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек.

Сөйлеу кезінде адамның адамгершілік қасиеттері, ерік-жігері мен қажыр-қайраты немесе жалтақтық, жағымпаздығы да айқын аңғарылып тұрады. Мұғалімнің дауыс ырғағы оқушыларға түрліше әсер етеді. Сондықтан мұғалім сөзін оқушылырды қуантатын жерде қуантып, қолайсыз көріністерге реніш туғызатындай етіп құруы тиіс. Өз сабағына жан тәнімен берілген мұғалім шын жүректен шыққан жалынды сөз арқылы оқушыларды еліктіре баурап әкетеді. Егер ол өз сөзіне немқұрайлы, қалай болса солай қарайтын болса, оқушылар мұны байқап қояды.

Сабақ бергенде мұғалімнің дауысы оқушылардың бас миына жеткілікті қозу аймағын туғыза алатындай көтеріңкі ашық шығу керек. Кейбір мұғалімдердің сабақ түсіндіргенде сөздері естілер естілмес жай, бір сазды болып естіледі. Оның өзі оқушыларға гипноздық түрде әсер етіп, оларды жалықтырып, ұйқы жағдайына келтіреді. Осыдан кейін мұғалім мен



оқушы арасында реніш туындайды.

Ал енді оқушылардың сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу- барлық пән мұғалімдерімен қатар тәрбиешілердің міндеттерінің бірі.

Тек күнделікті өтіп жатқан сабақтар арқылы ғана емес, сабақтан тыс өтілетін шаралар, ашық сабақтар арқылы мұғалім мен оқушы арасында этика нығаяды, және орны ерекше болмақ. Мұғалім мен оқушы арасында болатын қатынаста педагогикалық этиканың маңызы зор. Этика-әдеп деген сөз. Педагогикалық этика болмайынша, мұғалім өз пәнін, өз жұмысын терең білгенімен, тіпті тәрбиелік жұмысты алуан түрлі әдіс-тәсілдерді меңгергенімен, өзінің алдына қойған жас ұрпақты жан-жақты тәрбие беру мақсатына жете алмайды.

Мұғалім мен оқушы арасындағы қатынастар алуан түрлі болып келеді. Сондықтан мұғалім оқушыға қатынасын әр уақытта да өзгертіп отыруы тиіс. Бір жағдайда қатаң талап қоюы, екінші жағдайда тілек өтініш ретінде болып келуі, үшінші бір жағдайда сендіру мен көз жеткізу, мойындату, төртінші бір жағдайда үгіттеу, ақыл кеңес беру, бесінші бір жағдайда түсіндіру, жәрдемдесу, қамқорлық жасауы, алтыншы бір жағдайда ұялту, бетіне басу не ұрсу керек болатын жағдайлар кездессе, жетінші бір жағдай мақтау немесе жазалау жұмысына ұласады.

Мұғалім өне бойы өзін сергек, көңілді ұстау керек. Балаға сіздің шаршағаныңыз, көңіл-күйіңіздің жоқтығы сезіліп отырады. Сол сияқты мұғалім оқушының ата-анасы, туыстарымен нашар қарым-қатынасының, өкпе –арызының есесін оқушыдан қайтаруға әдеттену педагогикалық этикаға жатпайды.

Оқушының әлсіздігіне, тіл алмауына, кейде мұғалімге қарсы келуіне сыйламау әдетіне өшігіп оқушыдан кек алу, жек көру әдетінен де аулақ

болуымыз керек. Кейбір ұстаздар тарапынан оқушының тәртіпсіздігінің есесін үлгерім бағасына ауыстыру әдеті де кездесіп қалады. Бұл әдеттің тиімсіздігі педагогикалық этикаға қайшы келуі тұрмақ, оқушыны өшіктіріп, қырсықтырып, мұғалімге қарсы қоюға, сыйламаушылыққа әкеліп соқтыратынын аңғармаймыз.

Мұғалім біріншіден өте әділетті шыншыл болуы тиіс. Педагог шәкіртіне өте мейірімді, қайырымды, қамқоршы болуы керек. Бұл жерде мен Л.Толстойдың «Егер мұғалім өз ісіне сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен біріктіре алса, онда ол шын мәніндегі мұғалім болғаны» деген сөзін естеріңізге салғанды жөн деймін.

Мұғалімнің мінезі жайдары, кең пейілді, сабырлы, ашу дегенді білмейтін, сөзі өте сыпайы, жұмсақ, ешкімнің көңіліне қаяу түсірмейтін болуы керек. Бұл туралы Чеховтың «Өзіңді қарапайым жылы лебізіңмен сыйлата білмесең, құр қаталдықтан түкте шықпайды» деген нақыл сөзін ескеру біздерге (ұстаздарға) өте лайықты.

Сондай-ақ Ы.Алтынсариннің «Оқушы сабақты білмей қалса оған ұрыспау керек. Оған сабақты білдіре алмаған кемістікті өзіңнен іздеуің керек» деген өсиетін де есте сақтаған артықтық етпейді. Оқушы мұғалімнің сұрауына жауап бергенде, олардың сөздеріне, жауабына ынта қойып ұқыптап тыңдауды, оқушының сөзін бөлмеу, басқа оқушыларға бөлдірмеу, орынды жерде қоштап отыру, кейде жаңылысқан қиналған жерінді түзету жасап, жәрдемдесіп жіберуді де қолданып отыруымыз керек. Жәрдемдесу дегенді мұғалімнің өзі оқушының аузына сөз салып, жетектеуге айналдырып жіберуге болмайды.

Кейде сабақты нашар оқитын оқушының тағдырын алдын ала шешіп қоюмыз кездеседі. Мысалы:



Асанова тез тақтаға шықшы, сен бүгін де ештеңеге жауап беріп жарытпассың, сен Асанова ең болмағанда мынаған жауап берші... Бұл сияқты күдікті сөз ұнамсыз қылықты көрген оқушының өзіне деген сенімі жойылады, ұнжырғасы түсіп, не намыстанып, кектеніп ұзтазына да біліп тұрса да жауап бергісі келмейді. Сол сиқты сабақты өте салғырт, нашар оқитын не салақ, олақ, жалқау оқушылардан күдер үзіп, көңіл бөлінбей, ескерусіз қалдырған жағдайлары да кездесіп тұрады. Бұл сияқты қылықтар педагогикалық этикаға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жаман әдет.

Оқушы әрқашан сенің айнаң іспеттес. Сол оқушының алдындағы қадір – қасиетінді жойып алмас үшін мұғалімнің бой басы жинақы, көрікті, киген киімдері қарапайым, тап-таза бойына лайық, шақ сәнді болуы тиіс.

А.П. Чеховтың «Адамда барлық нәрсе жүзі де, киімі де, жаны да, ойы да көркем болуы тиіс» деген ұлағатты сөз ұстаздарға айтылған сиқты. Орынсыз бояну, шектен асқан сәнді, жасанды киіну, табиғи өңін өзгертуге әуестену немесе өте салақтық, бой басын күтінбей жүру мұғалімдік этикаға үлеспейді. Кейде мұғалімдер арасында оқушы кінәлі болып қалағанда жазалай бергеннен гөрі оқушының жақсы қылықтарын да ескерусіз қалдырмай, оны дәріптеп, көтермелеп отыру мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсартады.

Мұны да сатылап, орынды пайдалана білу маңызды жұмыс. Атап айтқанда құптау, ырзалық білдіру, рахмет айту, сенім білдіру, дәріптеп отыру, мақтау, үлгі тұту, сыйлық беріп көтермелеу жатады. Кейде оқушы сабақ үстінде тәртіп бұзып кінәлі болып қалады делік, оны сабақ үстінде тұрғызып қою, не далаға шығарып жіберу, не мұғалімнің сабағын жалғастырмай қалуы, болмаса тыңдамаған баланы әкімшілікке сүйреу мұғалімнің оқушы алдындағы

қадір-қасиетін кемітеді. Яғни мынадай қорытынды шығаруға болады.

Мұғалім сыныбында болмас нәрсеге ашу шақырып, осындай кемшіліктен бір өзі жапа шекпей, төңірегінің алдында да айыпты болып саналуы.

Оқушының кінәсіне, тәртіп бұзғандығына ренжіген, ашуланған, ұрысқан мұғалім артынша не тиісті уақытты сақтамай кінәлі оқушыға жылы сөз, жылы қабақ көрсетудің керегі болмайды. Оқушының майда кінәлерін термелей берудің қажеті жоқ. Кінәлі болып қалған оқушының өткендегі кінәлерін қайталап, бетіне баса беруден аулақ болу керек.

Оқушылар мен жас ұстаздар арасындағы өзара қарым-қатынас жасау мәселесі психология ғылымындағы және тәлім-тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі проблемалардың қатарына жатады. Бұл салада жүргізілген бірсыпыра зерттеулер мен осы бағытта жинақталған тәжірибелердің нәтижелері оқушылар мен ұстаздар арасында қарым-қатынас орнатуда айтарлықтай ерекшеліктер мен сипаттар, түрліше түсініктер бар екендігін көрсетті. Міне, мұндай мәселедегі елеулі жәйттің бірі – мұғалім мен оқушылар арасында қарым-қатынас жасауда әрқилы қиыншылықтардың үнемі кездесіп отыратындығы.

Ересек балалар мұғалімнің әрбір қимыл-қозғалысына, іс-әрекеті мен сөйлеген сөзіне, оның ақыл-кеңесіне, өзге адамдармен қарым-қатынасына, шәкірттерге қоятын түрлі талаптарына өздерінше іштей сын көзімен қарайды. Осы мәселені анықтау бағытында арнайы жүргізілген психологиялық және педагогикалық зерттеулер ересек оқушылар арасында үлкендердің айтқан сөздеріне құлақ аспау және айтқанынан қайтпайтын мінез көріністерінде әрқилы кедергілер мен



себептер болатындығын анықтады. Әрине, мұндай мәселенің түпкі себептерін психологиялық жағынан тереңірек зерттеу-тәлім-тәрбие ісінде маңызды мәселе болып саналады.

Тәлім-тәрбие ісіндегі жасөспірімдермен қарым-қатынас жасауда мұғалімнің өзіндік сапа ерекшеліктерімен қатар, оның өзге адамдармен, әсіресе шәкірттердің даралық ерекшеліктерімен санасып отыру қажеттігіне баса мән беріледі. Осындай талапты анықтап оны жүзеге асыру жолында мұғалімнің бойында өзіндік сапа, ұстаздық қасиет және арнайы білімі болу керек деген міндет қойылады.

Мұғалім мен оқушы арасындағы тартысты туғызатын себептерге оқушылар тобы, олардың жас және өзіндік ерекшеліктері, мұғалім мен оның оқушылар ұжымына басшылық ету стилі де әсер етуі жатады. Психология саласында жүргізілген зерттеу нәтижелерін жинақтап қарастырғанда мұғалім мен оқушылар арасындағы тартыстардың туындап, олардың етек алуының бірнеше түрлері болатындығы байқалады.

Мұғалім мен оқушылар арасында кейде бірін-бірі жете түсінбей өзара келіспеушілік сияқты қолайсыз жәйттер кездеседі. Мұндайда баланың даралық ерекшеліктері мен жан дүниесінің сырына терең бойлап, олардың мінез-құлық ерекшеліктерімен санасқан тиімді. Бала психикасының қарқынды дамып отыруына орай түрлі тілек талаптары мен қажеттіліктері, әрбір нәрсенің сырын білуге құштарлығы арта түседі. Тәлім-тәрбие ісінде баланың санасы мен ақыл-ойының дамуындағы саналы өзгерістерді ескеріп, оларды дұрыс жолға пәрменді бағыттап отыратын болса, онда шәкірт мінезінің ұнамды қасиеттерін бірізділікпен қалыптастыруға болады.

Қорыта келе психология саласында қарастырылған бірнеше

зерттеулерде көрсетілгендей, мұғалімдер мен оқушылар арасында кездесетін наразылықтар мен керіс-жанжалдар мұғалімнің жеке басындағы мінез-құлық мен қызметіндегі кәсіби олқылықтарына байланысты екенін аңғартты.

Мұғалімнің мінез-құлық өз мамандығының талаптарына сай болса, онда мұндай қолайсыз жағдай болмас еді. Қолдан келгенше өзара қақтығыстар мен реніштерді тудырмаған жақсы. Ондай жәйттер кімге де болса абырой әпермейді. Болашақ ұстаздар мұндай

## Әдебиеттер тізімі

- «Қазақстан мектебі» республикалық ғылыми-практикалық журнал 2015
- «Оқушы тәрбиесі» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал 2010-2013
- Бабаев С.Б. «Жантану негіздері» Алматы. 2007
- Абрамова Г.С. Возрастная психология. М. Просвещение, 2008
- Социальная психология: учебное пособие для вузов /Под ред. Журавлева А.Л./М. 2002